

УДК 372.578.

ҚАЗАҚТЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҮЙРЕНУДЕГІ ПАТРИОТТЫҚ
ТӘРБИЕНІҢ МӘНІҚ.Ә.Ибрагим, И.Б.Сихымбаев, Р.Ш.Сыдыкова
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Әлемдік білім кеңістігіне ену, білім саласының шеңберіне өз жаңалықтарын енгізеді. Бұл саладағы педагогикалық инновациялық бастамалар болашақ буынға патриоттық тәрбие беру ісінің маңызын арттыра түседі.

Қазақстанның білім және ғылым қызметкерлерінің II съезінде еліміздің президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның Отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғары оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейтесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу, мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты қадірменді парызы»-деген еді.

Бұл көзқарасқа мынадай фактіге назар аудару керек. Белгілі бір мемлекеттің даму тарихы және адамзаттың эволюциялық ілгері жылжуы, әрдайым жаңа идеялар, көзқарастар біздің жас ұрпаққа жаңашыл ой туғызу тәжірбиесі беріліп отыр. Егеменді Қазақстанның он төрт жылдық даму кезеңі жалпы адамгершілік қасиетінің жаңа идеялогиялық қоғамға біріктіру екендігін анықтады. Мұндай қасиетке патриотизм де жатады. Патриотизм жаңа ұғым болмағанымен, ол әр кезеңде әр түрлі әлеуметтік және нәсілдік мағынасы бар тарихи қозғалыс.

Жалпы патриотизм ұғымына тоқталар болсақ, ҚСЭ-ның 9 томында «Патриотизм» (грек тілінен Patriotes- отандас, patris-отан, туған жер) - Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Туған жерін, ана-тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін сақтау болып табылады... (1,168 б).

Үлкен совет энциклопедиясында «Социалистік қоғам адамзатының патриотизмі өз Отанына, бүкіл социалистік елдер ынтымақтастығына берілгендік пен адалдықтан тұрады»- делінген. (2,282 б). Өз Отанын халқын шексіз сүйушілік барша күш-жігерін Отан мүддесіне арнаған тән терең сезім Волгадағы шайқас барысында Совет халқының патриотизмі, Отанға деген сүйіспеншілігі, майдандағы әскер арасында тылдағы еңбеккерлер арасында айқын көрінді. Мұндай тұлғалар тек біздің Совет елінде ғана ұлы интернационализм мен советтік патриотизм топырағында өсе алады-деп көрсеткен. (3,639 б).

Педагогикалық сөздікте «... патриотизм өз халқына, Отанға деген сүйіспеншілік... пролетарлық интернационализммен берік байланысқан»-деп көрсетілген. (4,86 б).

Философиялық сөздікте мынадай анықтама беріледі: «Патриотизм... мазмұны Отанға деген сүйіспеншілік, адалдық, оның өткені мен бүгінгіне мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға тырысу болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім». (5,469 б).

Педагог ғалымдардың ойы бойынша: «Патриоттық сезім үлкейген кезде емес, жастайынан әрбір баланың бойында қалыптасатын сезім деген болатын», - деді ағартушы педагог Ы.Алтынсарин. Қазақ халқының батыр ұлы Б.Момышұлы «патриотизм - Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы қоғамның мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екендігі, мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, оны жеке адам мен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді»-деп көрсеткен. (6,109 б).

Қазір Отанға деген сүйіспеншілік қандай дәрежеде қалыптасқан? Жастардың көбі патриоттық сезімнің не екенін түсінбейді. Сондықтан біз бұл еңбегімізде патриоттық тәрбие мәселесін әрі қарай зерттеуді қажет еттік. Өскелең ұрпақты адамгершілікке қалыптастыру міндеті аса маңызды рөл атқарады. Қазіргі кезеңде шетелдің даңғыра музыкасының жаппай көбеюі жасөспірімдер мен жастардың санасындағы адасулар сияқты, музыкалық тәрбие саласына бірталай қиындықтар туындатып отыр. Сонымен қатар ең ауыры нашакорлыққа үйреніп, спирттік ішімдікке, темекіге әуестенуі күннен - күнге көбеюде. Егер бұлардың жолына тосқауыл қойылмаса тарихымызды, тілімізді, менталитетімізді, ұлттық ерекшелігімізді келер ұрпаққа жеткізе аламыз ба? Ол үшін мемлекет патриоттық тәрбиемен түбегейлі

шұғылдануы керек деп ойлаймыз. Жастарды патриотизмге тәрбиелеуде елін-жерін, ана тілін ардақтайтын, ұлтын пір тұтатын азамат болып өсуін қамтамасыз ету қоғамның басты мақсаты.

Н.Ә.Назарбаев Қазақстан -2030 жолдауындағы «Қазақстан мұраты» бөлімінде, ол ұрпақ тәрбиесінде дана болады, оның саулығына, бітіміне және дүние көзқарасына қамқорлық жасайды. Бабаларымыздың игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманда нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр, күллі әлемге сыйлы, өз елінің патриоттары болады. Бұл міндеттер Қазақстан республикасының «Білім туралы» заңындағы білім беру жүйесінде «азаматтық пен елжандылық, сүйіспеншілік пен мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтың дәстүрін қастерлеуге, әлемдік не отандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республикасының басқа халықтармен тарихи, әдет-ғұрып пен дәстүрлерін зерделеу. «Мемлекеттік тілді меңгеру» деп айрықша атап көрсетілген.

Патриотизмге тәрбиелеудегі музыка өнерінің алатын орны ерекше. Музыка адамның ішкі әлемін ашатын күдіреті бар. Өнердің басқа түрлеріне қарағанда музыка жеке тұлғаға көп әсерін тигізеді. Озық идеялар мен биік сезімдерге жетелей отырып, музыка ғажайып тебіреністерде патриоттық тәрбиенің мықты құралы болып табылады. Музыкалық шығармалардың көркемдік образдары - адамның өз Отанының патриоты болып қалыптасуына ерекше әсер етеді.

Оқушылардың патриоттық тәрбиесінің жетілуі басты рөл атқарады. Музыка бала өмірінің әр жас шамасында кіріп, оны өмір бойы жетелейді. Сол себепті ұлы ақынымыз Абайдың өлеңін еске алғанымыз жөн:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй,
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй!

Грек философы Аристотель «Музыка жас ұрпақтың ішкі дүниесін байытып, этикалық жақтарымен жаныңды тебіrentіп, өзіне баурап әкететін қасиет тудырады» - деген болатын. Бұл пікірге қазақтың ұлы ағартушы педагогтары . Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және басқалар мақұлдап, музыкаға деген көзқарастары ерекше болған.

М.Жұмабаев «Педагогика» атты оқулығында: «Тәрбиеші халықтың музыкалары: әннен, күйден, жырдан баланың жан дүниесін алшақтатпай, қайта бала бойына ерік-жігер қалыптастыру керек», - деп атап көрсеткен. (7,236).

«Музыка адамгершілік функцияны орындай отырып, ол сезімге елестетуге, қиялға ғана емес адамның ойына да әсер етеді. Сондықтан музыканы тану процесі эмоционалдық әсерленумен ғана шектелмейді. Патриоттық тақырыптағы музыкалық шығарманы тыңдау және орындау кезіндегі эмоционалдық әсерлену ар-ождан, Отан алдындағы борыш туралы, өмірдегі өз орны туралы ойландырады»- деп атап көрсетеді Д.Б.Кабалевский.(8,486).

Біздің ойымызша музыка эмоцияны дамытады, қиялды оятады, ойландырады, адамгершілік принциптерді қалыптастырады. Көзқарас аясын кеңейтеді, идеялық позицияны бекітеді, идеяларды дүниеге әкеледі. Осы көркемдік құралдар арқылы адамның патриоттық тәрбиесіне және оның азамат ретінде қалыптасуына әсер етуге болады. Айтылған контексте В.Н.Щацкаяның пікіріне сүйенуге болады. Ол музыканы қабылдауда тәрбиелік рөлге ерекше көңіл бөлуді мақсат етеді. «Музыканы тыңдау қабілеті, тебірену, оның мазмұнындағы негізгіні, бастыны ести білу, сезіммен тебірену, көрсетілгеннің мағынасын ажырата білу, түсіну- мұның барлығы адамға туа бітетін қабілеттер емес, ол тәрбие мен оқыту негізінде жүзеге асады», - деп орынды атап көрсеткен.(9,86)

Педагог К.Д.Ушинскийдің ойы бойынша: «Ән айту – оқушыларды ұйымдастыратын, біріктіретін, шексіз қуаныш, ішкі биік ұстаным, рухтың сергектігін енгізе алатын сезімдерді тәрбиелейтін, мықты педагогикалық құрал деп есептеді».

Жалпы, музыкант ғалымдар В.Н.Щацкий, Д.Б.Кабалевский, Н.А.Ветлугина, Л.Г.Арчажникова, қазақстандық ғалымдар Б.Физатов, А.А.Қалыбекова, М.Х.Балтабаев, Ш.Құлманова, С.А.Ұзақбаева, Р.Ш.Сыдықова музыкалық тәрбиелеу жұмыстарында жас ұрпаққа музыканың сөзін тыңдауда, қабылдауда тыңдаушылар санасын баулып алатынын атап көрсетеді.

Жоғарыда аталған педагог ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, біз бұл еңбегімізде мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беруде халық әндерінің ерекше үлкен мәні бар екенін

атап өтеміз. Бір сәт тарихқа көз жүгіртсек, 1723 жылдың көктемінде қазақ жерін бет қаратпай басып алуға бекінген жоңғарлар, елді бала-шағасынан, малынан, қонысынан, туыскандарынан айырылып қашып-пысуға мәжбүр болды. Бұл кезеңді «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп атады. Яғни, қазақтардың табаны ағарғанша шұбырып, Алқакөлге жетіп азап пен аштықтан сұлаған жерлер еді. Сол кездегі шыққан осы ән халықты ашындырып, патриоттық сезімді оятып, жеңіске апаруға халықты біріктіруге ұмтылыс жасады.

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айырылған қиын екен,
Екі көзге мөлтілдеп жас келеді.
Мына заман қай заман, бағы заман?
Баяғыдай болар ма тағы заман!
Атадан үл,енеден қыз айырылды,
Көздің жасын көлдетіп ағызамын.
Мына заман қай заман, қысқан заман?
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман!
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды,
Қаңтардағы қар жауған қыстан жаман!...

Осы ауыр жылдарда шыққан қазақтың қаралы да қайғылы «Елім-ай» әнін білмейтін, оны орындағанда тебіреніп, қатыгездіктің құрбаны болған боздақтарын еске түсіріп, бүгінге дейін көзіне жас алмайтын қазақтың көрі-жасы кемде-кем. Ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, халықтың өткен тарихын, ой-қиялын арманын бейнелейтін халық әні ерлікке, мейірімділікке үйретеді. Осындай шығарманы тыңдау, орындау арқылы оқушылар өткен тарихы таниды. Мұнан үш жүз жылға жуық бұрын шығарылған «Елім-ай» әні сол бір ауыр күндердің өшпес ескерткіші іспеттес. Оқушыларға ата-бабаларымыздан келе жатқан патриоттық сезімге тәрбиелеуде мұрагерлік байлығымызды игертуге, ақыл-парасат күшін ұғындыруға атсалысуымыз керек. Сол себепті халық әндерін репертуарға кіргізу керек екенін, оның көркемдік тәрбиелі жағы бағалы екенін атап кетуімізге болады. Оқушылардың халықтық музыканы үйренуінде, қабылдауында патриоттық сезім жас ұрпақтың борыш сезімінде қызығушылығын мақсат етіп, алға қояды. Отанға деген сезімді оятпайынша, айналадағы табиғат әдемілігін қабылдамайды. Өсіп келе жатқан оқушыларды патриоттық тәрбиеге баулудың маңызы өте зор.

Әдебиет

- 1 Қазақ совет энциклопедиясы. - Алматы: Қазақстан, 1973.-9т.
- 2 Большая советская энциклопедия.-М.,1975.-Т.19.-С.282.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1983.-7т.-639б.
- 4 Педагогический словарь. АПН СССР. -М., 1960.-т11.-С.86.
- 5 Философский словарь / Под ред. М.И.Розенталя.- 3е изд.- М.: Политиздат, 1972.-С.469.
- 6 Момышұлы Б. Психология войны. - Алматы, 1980.-С.109.
- 7 Жұмабаев М. Педагогика.- Алматы: Мектеп, 1992.-122б.
- 8 Кабалевский Д.Б. Идейные основы музыкального воспитания в Советском Союзе // Музыкальное воспитание в современном мире: Материалы IX Междунар. конф.- М.: Сов композитор, 1973.- С.23.
- 9 Щацкая В.Н. Музыкально эстетическое воспитание детей и юношества / Вступ. ст. Н.А.Ветлугина.- М.: Педагогика, 1975.-С.8.

Резюме

В данной статье рассматривается значение народного творчества в патриотическом воспитании.

Summary

This article considered to education of national patriot songs and their means.